

пішендік т.б. Тұрған, шыққан мекенін білдіреді: алмалық, тошкентлик (өзбекше); кәсіби, тіршілік ерекшелігін білдіреді. Түрік: чабанлық, қойлулық (ауыл шаруашылығы маманы) т.б.

Осылайша түркі тілдерінде ғана емес, бізге туыстығы жоқ басқа тілдерде де қосымшалардың пайда болу, даму эволюциясы өте күрделі екенін, сондықтан әлі күнге нақты шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірі екендігін байқаймыз. Кейбір ғалымдар қосымшаларды таза жеке сөздердің өзінен ғана қалыптасқан деп білсе, лингвист-түркологтардың көпшілігі қосымшалардың даму эволюциясы екі жолмен өрбіген дейді. Олар: 1) лексикалық мағынасынан айрылып, аффикске айналған дербес лексикалық мағыналы сөздер; 2) фузия арқылы, яғни жалаң бір фонемді немесе бірнеше аффикстердің біртұтас формант болып бірігуі арқылы пайда болған күрделі құрамды аффикстер [8, 57].

-лық, -лік, -дық, -дік жұрнағы түркі тілдерінің ішінде қырғыз тілінің сөзжасамында жиі кездеседі. Сондықтан бұл жұрнақ сөз тудыратын жұрнақтар қатарында былайша көрінеді: -лық, -лик, -лук, -дук, -дық, -дик, -тык, -тик, -тук, -түк. Мысалы, балалық, көркөмдік, жылуулук т.б.

Қорытындылап айтқанда, түркі тілдерінде ғана емес, бізге туыстығы жоқ басқа тілдерде де жұрнақтардың пайда болу, даму эволюциясы өте күрделі екенін, сондықтан әлі күнге нақты шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірі болып отырғанын байқаймыз. Мақаламызда қазіргі қазақ тіліндегі -лық, -лік, (-тық, -тік, -дық, -дік) жұрнағының түркі тіл білімінде, соның ішінде қырғыз, ұйғыр, чуваш, әзербайжан якут тілдеріндегі қызметі мен қолданылуы қарастырылды. -Лық, -лік (-тық, -тік, -дық, -дік) жұрнақтарының түркі тілдерінде көбінесе абстракт мәнді зат есімдерде жұмсалатындығына көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. ч. СПб., 1894. – 340 с.
2. Томанов М. Етістік жасайтын қосымшалар тарихынан. Қазақ тілі мен әдебиеті. 4-шығыуы. – А., 1974. – 55 б.
3. Молгаждаров Қ. К. Түркітануға кіріспе және салыстырмалы грамматикасы (оқу құралы). – Алматы, 2018. – 256 б.
4. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – А., 1993. – 360 б.
5. Суник О. П. О происхождении морфологической структуры слова. //Вопросы языкознания. 1959. - №5. – С. 45.
6. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – А., 1981. – 264 б.
7. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы (синтаксис). – Алматы: Мектеп, 1966. – 320 б.
8. Пауль Г. Принципы истории языка. – М., 1960. – 270 с.

ӘОЖ 821.512.122

М. ӘЛІМБАЕВТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛ ЖӨНІНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Серпенқызы Бота

bota.serpen@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ. Саркенова

«Сөз мәйегі» саналатын мақал-мәтелдерді зерттеу қазақ филологиясында ертеден қолға алынған.

Халық философиясының көрінісі – мақал-мәтелдерді – зерттеудің басында М. Әуезов [1], М. Ғабдуллиндер [2] тұрды. Бұл салада жемісті еңбек етіп, елеулі пікір айтқандар қатарында Р. Сәрсенбаевты [3], М. Балақаев пен М.Серғалиевті [4], Б. Адамбаевты [5] атау орынды.

Сол сияқты мақал-мәтелдердің жазу мен сөйлеуде қолданылуы, зерттелуі, аударылуы, түрлі синтаксистік, морфологиялық, лексикалық-өзгеріске түсіп қолданылуы тұрғысынан өз пікірлерін ортаға салған Ө. Айтбаев [6], Г. Турабаева [7], О. Сұлтаньяев [8], С.К. Кенжемұратова [9] сияқты зерттеушілер еңбектерінің қазақ паремиологиясының қалыптасуына елеулі үлесі бар.

Мақал-мәтелдерді зерттеген аталған зерттеушілердің бел ортасында халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтің тұратындығы тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектердің барлығында көрсетіледі. Бұдан біз жазушының мақал-мәтелдерге байланысты тұжырымдары әлі күнге маңызын жоймаған құнды көзқарастар екендігін бағамдаймыз. Біздің бұл мақаламызда М.Әлімбаевтің мақал-мәтелдерге арналған «Өрнекті сөз – ортақ қазына» (Алматы, 1967) атты басты еңбегіне сүйене отырып, автордың тұжырымдарын терең сөз етеміз.

Тіл біліміндегі дәстүрлі өлшеммен қарағанда зерттеу еңбектерінде мақал-мәтелдердің түрлері, құрылымы, көркемдік ерекшеліктері, мағынасы сөз болады. Ал қазіргі түсінікпен қарасақ, мақал-мәтелдер – халық даналығының қоры, өмірлік тәжірибе мен қордаланған білім жиынтығының нәтижесі.

М. Әлімбаевтің мақал-мәтелдер жайындағы тұжырымдарының өзектілігі сонда, оның танымдық ерекшеліктерін сол кездің өзіне жақсы түсіне білген.

Жазушы былай деп жазады: «Мақал-мәтелді халық не үшін қадірлейді? Сап алтындай асылдығы, мірдің оғындай өткірлігі, ықшамдығы, дау тудырмас даналығы, өнеге үйреткіштігі, қиып түсер қылыштай уыттылығы мен тапқырлығы үшін деген болар едік. Халық зердесі ғасырлар бойы уақыт елегінен өткізіп, екшеп, сұрыптап көзінің қарашығындай, кір шалдырмай сақтап келген қымбат қазына тозудың не екенін сірә біле ме екен!

Мақал – сайрап тұрған шежіре. Бізге жеткендердің біразынан қазақ халқы бастан кешкен тарихи кезең куәсі болған талай мақалды табамыз. Сіз көңіл экранына өткендегі үзік-үзік оқиғаларды – эпизодтарды ойша түсірсеңіз, диктордың ықшам да ұтқыр мазмұнды лебізіндей боп мақал-мәтелдер құлағыңызға саңқ еткендей болады» [10, 18-19].

Бұл айтылғандардан халықтың даналық қорында жинақталған мақал-мәтелдерден «тілдегі адам факторы» ұстанымының нышандарын көреміз. Мақал-мәтелдердің адам өміріндегі маңызы мен өзектілігі екшеленеді:

«Өнер алды – қызыл тіл» дейтін қазақ қасиетті сөзді қадір тұта білген: «Айтар нақылы жоқтың – табар ақылы жоқ», «Сөздің көркі мақал, жүздің көркі сақал», «Мақал – сөздің атасы» – осыған айғақ даналықтар.

М. Әлімбаевмақал-мәтелдердің шығу тегінен бастап, олардың анықтамасы, құрылымы, мағынасы, жаңаларымен толығып отыратындығына дейін тоқталған.

«Мақал» – біздің тілге арабтардан кірген сөз. Мұның мағынасы – «орынды сөз», яғни «тиісті орынында айтылған сөз» дегенді білдіреді. Арабтар «Ликелли мәканин мәкал» – «әр орынға лайық сөз бар» дейді.

Мақал-мәтелдердің анықтамасын өзінше топшылап, мақал мен мәтелдің ара жігін ашып көрсетеді.

Мақал-мәтел – халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі, көркем бейнелейтін тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы.

Мақал-мәтел дегеніміз халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшамды түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін кестелі сөз.

Мақал толық тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құрылады. Ал мәтел мақал сияқты толық сөйлем түрінде құрылмай, сөз тіркесі

қалыптасқан, нақышты, орамды сөйлемші түрінде жасалады. Мәтелде айтылатын ойдың ізі, тұспалы ғана болады, ол ой мәтел сөз орайына келтіріліп, сөз қосылып айтылғанда ғана толысып, жетіліп тұрады. Мысалы, «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен», «Берсе – қолынан, бермесе – жолынан», «Көңіл қалмас, көйлек жыртпас», «Асын ішіп, текеметін тіліп» деген сияқты мәтелдер сөз арасына сөз қосылып айтылғанда мақалға тән тиянақты қорытындыны білдіріп, құлпырып шыға келеді. Бұл мәтелдерде белгілі бір құбылыстарға берілген баға, қорытынды, адамның кейбір іс-әрекетіне мінездеме бар. Мәтел «Жұмған аузын ашпау», «Ат-тонын ала қашу», «Қырғи қабақ болу», «Төбесінен тік тұру» сияқты қалыптасқан сөз тізбегі, жай идиомалардан басқарақ болады[10, 20].

Халық жазушысы осылай мақал мен мәтелді жеке-жеке қарастыра отырып, оларға өз алдына анықтама береді.

Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы. Мынадай мысалдар келтіреді: «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер намысы – ел намысы» т.б.

Мәтел дегеніміз – халық арасында көп тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ ықшам да кестелі халық сөзі. Мысалы, «Апама жездем сай», «Батырға да жан керек», «Құрғақ қасық ауыз жыртады» т.б.

Мәтелдер сырт қарағанда идиомаларға яғни фразеологиялық тұтастықтарға өте ұқсас сияқтанады.

Автор қолданысы мен мағынасы жағынан мақал-мәтелді шартты түрде екі топқа бөледі: 1) тура мағынасында; 2) ауыспалы мағынасында. Тура мағынасында мақал-мәтелдер көбінесе үгіт-өсиет, ақыл-кеңес, белгілі қағида аксиома түрінде айтылады:

«Туған жерге туың тік», «Жақпаған пеш жылытпайды», «Өнер алды – қызыл тіл» т.б.

Ал ауыспалы мағынада айтылғанда ол бір астарлы, ишара пікірге топшыланады. Сөйлегенде не жазғанда мақалдағы белгілі бір нақты құбылыс, уақиға жеке дара күйінде суреттелмейді, оның аясы, көкжиегі кеңейіп, екінші бір пікірді қуаттап, түйіндеп тұтастырып қорытынды жасайды, бұрынғысынан әлдеқайда биікке көтеріліп, бейнеленеді. Мысалы, «Бетегеден биік, жусаннан аласа» – осы тұтас ұғым, ешкім осындағы әрбір сөзге зейін салмайды. Мұның мағынасы бір-ақ сөз (тұтас ұғым) – «жуас» немесе «момын».

М. Әлімбаев мақал-мәтелдерді алғаш жинаумен, зерттеумен айналысқан тұлғалардың еңбектеріне тоқталады. Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, С. Сейфуллин, М. Әуезов т.б. қазақтың белгілі тұлғаларының мақал-мәтелдерді жинастырудағы, халық шежіресін елестетудегі, өзіндік нақыштармен байытудағы еңбектерін ерекше бағалайды.

М. Әлімбаевтің пайымдауынша, жанрлық төркіні жағынан мақал-мәтелдер алуан түрлі болып келеді. Баяндау сипаты жағынан мақал-мәтелдер эпикаға да, лирикаға да, драматургияға да ұқсас келеді. Лирика элементтері бар мақал-мәтелдерге мынадай мысалдар келтіреді:

«Жаным десең, жан семіреді» (*Сүйсіну*), «Төрімнен көрім жуық» (*Торығу*), «Көшерімді жел білсін, Қонарымды сай білсін» (*Түңілу*), «Сұмырай келсе, су құрыр» (*Көзге шұқу, табалау*), «Алса – құсым, Алмаса – желпуішім» (*Екіұштылық*), «Жонмен барып, Саймен қайттық» (*Мойындау*) т.б.

Реплика, монолог, диалог тәрізді драма элементтері бар мақал-мәтелдерге мысал келтіреді: «Қызым, саған айтам, Келінім, сен тыңда!», «Бір секірдім – құтылдым, Екі секірдім – құтылдым, Үшінші де тұтылдым» т.т.

Мақал-мәтелдердегі көркемдегіш құралдарды сипаттауға халық жазушысы ерекше көңіл бөлген.

«Мақал-мәтелдердің баршасына көркемдік тән. Сол себепті де мақал-мәтелдер әсерлі, тартымды, сезімді селт еткізіп, ақыл-ойға сәуле шашады. Сап алтындай таза, қоспасыз асыл сөз. Ықшамдылығы мен өткірлігі, көркемдік және идеялық тұтастығы арқасында тез жатталады, адамның жадында ұмытылмастай сақталады».

Мақал-мәтелдердегі көркемдегіш құралдарды былайша ажыратып көрсетеді.

Тенеу мәнді: *Оқу – инемен құдық қазғандай; Жақсы – ай мен күндей* т.б. Метафоралы: *Сытырғы келсе, шаң қашар; Еңбек – адамның екінші анасы* т.б. Кейіптеу қатысқан мақал-мәтелдер: *Жыртық тесікке күледі* т.б. Эпитет: *От ауызды, орақ тілді; Ағаш қазан бір-ақ рет қайнайды* (Ұйғыр мақалы). Метонимия: *Жүрген аяққа жөргем ілігер; Туған ай – тураған ет* т.т. Синехдоха (меңзеу): *Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды; Бестің басы болғаниша, алтының аяғы бол.* Әсірелеу: *Сырдың суы сирағынан келмейді; Көп түкірсе – көл.* Параллельдер: *Жүйрік ат аяғынан ақсайды, Жақсы жігіт ағайыннан ақсайды.*

Бұлардан басқа көркемдік өлшем ретінде сенсацияларға, әжуа қатысқан мақал-мәтелдерге және фигура түрлеріне жан-жақты тоқталған.

Халық жазушысы қазақ мақал-мәтелдерінің түзіліміне және ырғақ жүйесіне ғылыми сипаттама береді. Төрт буынды мақал-мәтелдерден бастап он екі буындыларға дейін мысалдарымен нақтылайды. Сондай-ақ аралас буынды мақал-мәтелдерді де назардан тыс қалдырмаған.

Шумақ жүйесіне орай қос тармақты, үш және төрт тармақты мақал-мәтелдердің қолданыс жиілігіне мән береді. Ал ұйқас жүйесіне байланысты егіз ұйқас, шалыс ұйқас, кезекті ұйқас, қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы ұйқастар, басқы және ішкі, қаусырмалы мен үстеме ұйқас түріндегі мақал-мәтелдерге зерттеу жүргізген. Біз бұны келтірген еңбектің «Көркемдік кестесі» тарауынан жан-жақты біле аламыз [10, 66].

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер М.Әлімбаев еңбектерінде жан-жақты сөз болған. Автор мақал-мәтелдердің мына жақтарын ғылыми тұрғыдан сипаттайды: 1) шығу төркіні, анықтамасы; 2) мақал-мәтелдердің қолданылуы мен мағынасы; 3) мақал-мәтелдердің жиналып, қағаз бетіне түсірілуі; 4) мағынасы жаңарған немесе жаңа заманның мақал-мәтелдері; 5) мақал-мәтелдердің поэтикасы, көркемдік кестесі; 6) мақал-мәтелдердің түзілімі (ырғақ, шумақ жүйесі); 7) туыстас халықтарға тән мақал-мәтелдер және т.б.

Біз өз мақаламызда осы пікірлердің барлығына болмаса да, кейбіріне тоқталдық.

Біздің ойымызша, ұлттық сананы саралауға, қазақ дүниетанымын тануға, кеңейтуге қызмет ететін мақал-мәтелдерді зерттеу арқылы М. Әлімбаевтің тілдік тұлға болмысы кең ашылған, соны айқындап нақтылау қазіргі тіл білімі үшін өзекті мәселе.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том. Алматы, 1960.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1958.
3. Сәрсенбаев Р. Лексико-стилистические особенности казахских пословиц и поговорок. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 1961.
4. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1995.
5. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.
6. Айтбаев Ө. Мақал-мәтелдердің жазуымыз бен сөйлесуіміздегі қызметі // Сөз өнері. Алматы, 1978.
7. Турабаева Г. Окказиональные преобразования пословиц и поговорок в казахском языке. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 1989.
8. Султаньяев О. Паремия через призму двуязычия // Актуальные проблемы двуязычия и пути совершенствования подготовки кадров в республике. Караганда, 1997.

9. Кенжемұратова С.К. Мақал-мәтелдердің синтаксисі. Кандидаттық диссертация авторефераты. Астана, 2002.
10. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. Алматы, 1967.

ӘОЖ 821.512.122

«КІТАБ ӘЛ-ИДРАК ЛИ-ЛИСАНИ ӘЛ-АТРАК» ЖИНАҒЫНЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІ

Наргиз ТОРЖАНОВА

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 2-курс магистранты,

n.secsenbaeva1@gmail.com

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD докторы, доцент Қ.К. Кенжалин

Тарихи жазба ескерткіштер тіліне лингвистикалық тұрғыда талдаулар жүргізу тарихи тіл білімі үшін маңызды. Тілдің даму мен қалыптасуын дәуірлеу мәселесінде тарихи мұраларды ғылыми тұрғыда зерделеу қашан да өзекті. Сондай жазба мұралардың бірі ескі қыпшақ тілі мұрасы ретінде танылып жүрген «Китаб Әл-Идрок ли-лисани әл-Атрак» еңбегі. Аталмыш жинақ 1312 жылы Каирде Гырнаталы танымал тіл білімінің ғалымы Есируд-Дин Әбу Хайян Мұхаммед бин Юсуф бин Али бин Юсуф бин Хайян тарапынан Мәмлүктердің Мысырға үстемдік еткен кезеңінде (1250-1517), жергілікті арабтарға аймақтың басым күшіне айналған түріктердің тілін үйрету және түсіндіруге арналған араб тілінде дайындалған. Тарихи еңбектің авторы араб ғалымы Әбу Хайян шығарманы Мысырдың Каир қаласында 1312 жылдың жазған. Автордың өзі алғы сөзінде атап өткендей, еңбек классикалық тіл кітаптарының ережесіне сәйкес лүгат (сөздік), сарф (морфология) және нахив (синтаксис) бөлімдерінен тұрады. Алайда нұсқаларында еңбек екі бөлімге лүгат (сөздік) және тасриф (грамматика) бөлінген.

Мәмлүк Қыпшақ саласының ең маңызды еңбектерінің бірі «Китаб Әл-Идрок ли-лисани әл-Атрак» екені тарихтан белгілі. Зерттеу мақалада осы еңбекті қазіргі таңдағы нұсқаларына қарай жалпы бағалауға және нұсқалар арасындағы айырмашылықтарға мысалдар келтіре отырып нұсқалардың қысқаша таныстырылымын жасауға тырыстық. Еңбектің түпнұсқасы сақталмаған. Еңбектің біз білетін үш нұсқасы бар. Бұл нұсқалар:

1. Валийүддин Әфенди (Баязиттің жазба еңбектері кітапханасы) нұсқасы (V): Бұл нұсқа жинақ жазылғаннан кейін шамамен 23 жыл өткен соң 1335 жылы көшіріліп жазылған. Стамбұлдағы Баязит жазба еңбектері кітапханасының Валийүддин Әфенди бөлімінде 2896 нөмірімен тіркелген. Бұл нұсқаның қай жерде көшірілгендігі белгісіз. Еңбек 32 (лүгат) + 33 (сарф+нахив) парақтан тұрады. Парақтың өлшемі 260x175, жазылған бөлігінің өлшемі 190x110. Кейбір парақтарынан басқасы сүлүс (араб көркем жазу түрі) жазу стилінде жазылған [1:54].

2. Дарул фүнун (Стамбұл университеті кітапханасы) нұсқасы (D). Кітапхананың араб тіліндегі жазбалар бөлімінде 3856 нөмірлі болып тіркелген бұл нұсқа Жамад Аль-аввал 805 (1402 жыл 30 қараша) жылында Ахмед Ибни Шафи атты кісі тарапынан Латакияда көшіріп жазылған. Парақ көлемі 21x15, жазылған бөлігінің өлшемі 13x9 см. 46 (лүгат) + 51 (сарф + нахив) парақтан тұратын еңбек 15 бетті құрайды [1:59].

3. Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) нұсқасы (K). Біздің білуімізше әлі күнге дейін түрік тілінде қандай да болсын бір ғылыми еңбекте қолданылмаған бұл нұсқа Мысырдың Каир қаласындағы *Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия* (Ұлттық құжаттар кітапханасы) атты кітапханасында сақтаулы. Бұл нұсқаның қай жерде көшірілгендігі белгісіз. Алайда еңбектің соңында авторының Ахмет Касиф екендігі жазылған. Валийүддин Әфенди (V) нұсқасына қатты